

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЗАМАНАУИ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ»**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
27 мамыр 2022 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**
27 мая 2022 г.

PROCEEDINGS
International scientific and practical conference
**«SUSTAINABILITY OF ECONOMIC SYSTEMS UNDER CONDITIONS OF
MODERN GLOBAL CHALLENGES»**
27 May 2022

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нур-Султан, Казахстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 330
ББК 32
3-21

Редакционная коллегия:

Заведующая кафедрой «Туризм» к.э.н., профессор Муталиева Л.М.
Ответственная за НИР кафедры «Туризм» к.э.н., ассоциированный профессор Мусина К.П.
К.э.н., доцент кафедры «Туризм» Акишева А.С.

3-21 **Заманауи жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы экономикалық жүйелердің тұрақтылығы:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022.

Устойчивость экономических систем в условиях глобальных вызовов современности: Сб. трудов межд. научно-практической конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**Sustainability of economic systems under conditions of modern global challenges**» Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2022.

ISBN 978-601-337-680-6

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбек жинағында Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі жаһандық сын-қатерлер жағдайында экономикалық жүйелердің орнықтылығын қамтамасыз етудің өзекті аспектілері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные аспекты обеспечения устойчивости экономических систем в условиях глобальных вызовов в Республике Казахстан и за рубежом.

The proceedings of the international scientific and practical conference consider topical aspects of ensuring the sustainability of economic systems in the face of global challenges in the Republic of Kazakhstan and abroad.

**УДК 330
ББК 32
3-21**

ISBN 978-601-337-680-6 © Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Конференция Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ресей халықтар достығы университетінің Қонақ үй және туризм Институты, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Ташкент Мемлекеттік Экономикалық университеті, М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті және Бұқара Мемлекеттік Университеттерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Конференция организована Евразийским национальным университетом им. Л.Н. Гумилева совместно с Институтом гостиничного бизнеса и туризма РУДН, Батумским государственным университетом имени Шота Руставели, Ташкентским Государственным Экономическим университетом, Кыргызским экономическим университетом им. М. Рысқұлбекова, Бухарским Государственным Университетом.

The conference was organized by L.N. Gumilyov Eurasian National University together with the Institute of Hotel Business and Tourism of the Peoples' Friendship University of Russia, Batumi Shota Rustaveli State University, Tashkent State Economic University, Kyrgyz Economic University named after Musa Ryskulbekov, Bukhara State University.

Материалы публикуются в авторской редакции. Редакционная коллегия не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.

7. Перелыгина Е.Б. Психология имиджа: Учебное пособие. – М.: Аспект Пресс, 2002. – 223 б.
8. Алешина И. Корпоративный имидж. Маркетинг. – М.: Аспект Пресс – 2008. – 50 б.
9. Шарнина Е.А. Формирование имиджа гостиничного предприятия. – Выпускная квалификационная работа. Белгородский государственный национальный исследовательский университет. 2016. – 68 б.
10. Кусков А.С., Джаладян Ю.А. Основы туризма – М.: Кронус, 2010. – 384 б.
11. Зазыкина В.Г., Мельников А.П. Психология «паблик рилейшнз»: оқу құралы. -М: Элит, 2008. – 376 б.
12. Наумов С.А. Имиджелогия: оқу құралы. – Томск: Аспект Пресс, 2004. – 116 б.
13. Шепель В.М. Имиджелогия. Как нравиться людям: оқулық. – М.: Народное образование, 2012. – 457 б.

ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРДІҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Қайсар А.Ж., Әбілхай Ж.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: kaisar.aizhan@mail.ru, abilkhayzhansaya@gmail.com

Ғылыми жетекшілер: Глеубаева А.Т., Агыбетова Р.Е.

Туризм саласы әлемде жұмыс орындарын құрудың маңызды көздерінің біріне айналды, олардың көпшілігі дамушы елдерде экономикалық өсу теңгерімін белгілеу үшін, сондай-ақ тұрғындардың көп қоныстанған қалаларға кетуін болдырмай, оларды ауылдық немесе өңірлік жерлерге бекітіп, қоныстандыруға жәрдемдесу үшін құрылады. Туризм индустриясына жыл сайын үлкен инвестициялар салынады, олардың көпшілігі жергілікті халықтың да, туристердің де өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Ол үкіметтерге салық төлемдері түрінде айтарлықтай қаржылық түсімдерді қамтамасыз етеді. Халықаралық өзара түсіністікті жақсартудың маңызды факторы туристік алмасу процесінде туындайтын мәдениаралық байланыстар болып табылады.

Туризмде, экономиканың басқа да салаларындағыдай, жаһандану үрдісі пайда болды, ол саясат, экономика, мәдениет және басқа салалардағы мемлекеттер мен әлеуметтік ұйымдардың ынтымақтастығынан көрінеді. Бүгінгі таңда әлемнің барлық дерлік елдері туристік қызметтерді ұсынады және олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар, олар сұраныстың артуына және туристік сапарлардың уәждемесіне оң әсер етеді. Осы себептіден де, туризм индустриясы әлемдік экономиканың жетекші саласына айналуға [1].

Туризм саласындағы жаһандану процесінің өзіне тән ерекшелігі – жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану, бұл компаниялардың тиімділігін арттыруға, клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға және барлық процедураларды жеделдетуге ықпал етеді. Туристік бизнесте интернет арқылы онлайн режимінде қызмет көрсету саудасы белсенді дамып келеді[2]. Алайда, туристік қызметтің жаһандану процесінде елеулі проблемалар туындайды. Әлемнің көптеген елдері барлығына ортақ қызмет стандарттарын қабылдайды, бұл жергілікті және ұлттық мәдениеттің бірегейлігін жоғалтуға әкеледі. Көптеген елдерде экологиялық жүйені және қоршаған ортаның ерекшеліктерін, мәдени ескерткіштерді сақтау үшін заңнама мен стратегия әзірленуде.

Қарағанды облысының негізгі туристік орталықтары Балқаш, Қарқаралы және Ұлытау аудандары болып табылады. Балқаш көлі жағалауының курорттық аймағы (Балқаш және Приозерск қалаларының аумақтары, Ақтоғай ауданының оңтүстік бөлігі) туристификация картасының топ-10 нысанына енгізілген.

Облыста 2015 жылдан бастап жалпы сомасы 11,8 млрд.теңгеден астам орналастыру объектілерін салу және реконструкциялау бойынша 50-ге жуық жоба іске асырылды [3].

2018 жылы McKinsey & Company халықаралық консалтингтік компаниясымен бірлесіп Балқаш курорттық аймағын дамытудың мастер-жоспары әзірленген болатын. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жоспарының жобасына инженерлік-коммуникациялық және көлік инфрақұрылымын дамыту, қоғамдық жағажайды абаттандыру бойынша 18 жоба, курорттық аймақтың туристік әлеуетін ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар мен жобалар атқарылды. Жалпы, Балқаш курорттық аймағын дамытудың мастер-жоспарына сәйкес бюджеттік және жеке инвестициялар сомасы 30 млрд теңгені құрайды [4].

2020 жылы жұмыспен қамту жол картасы бойынша Алматы-Екатеринбург трассасынан Тораңғалық және Шұбар - Бөбек кенттерінің автомобиль жолдарын және жалпы ұзындығы 9,4 км кентішілік жолдарды орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ұлытау ауданында 10 нөмірлі қонақ үй кешені бар туристік Визит-орталық салынды. 2020 жылы Жезқазған, Сәтбаев және Ұлытау өңірлеріндегі жол инфрақұрылымы жақсартылды, онда 230 км жөндеу жүргізілді.

Биыл Ұлытауда Жошы ханның мүсіндік композициясы мен экспозициялық залы бар "Жошы хан" тарихи-мәдени кешенінің құрылысы аяқталады. Бұл кешен Ұлытау өңірінің киелі жерлеріне саяхаттауға келетін туристерді тартатын орын болып табылады.

Қарқаралы ауданында туристерді тарту үшін ұлттық парк аумағында 11 туристік маршрут іске қосылды, 54 км жол жөнделді. Қазіргі таңда қонақтарды қабылдауға арналған 30-дан астам қонақ үйлер, демалыс орындары, қонақ үйлер және т.б. орындар қызмет көрсетуге дайын.

Олардың бірі – экологиялық мәселелер. Дамыған және дамушы елдерде қоршаған ортаның жай-күйі нашарлауда, бұл Жаһандық экологиялық проблеманың қалыптасуының дәлелі болып табылады. Бұл жерде

биоәртүрліліктің азаюынан, ормандардың жойылуынан (жыл сайын 125 мың шаршы км орман жойылады), озон қабаты бұзылуынан, атмосфера мен гидросфераның ластануының рұқсат етілген мөлшері бұзылуынан және т. б. көрінеді.

Өкінішке орай, Қарағанды облысындағы туризм саласының тұрақтылығына кері әсер ететін келесідей жаһандық мәселелер анықталды. Бүгінгі таңда келесідей факторлар көрініс табууда:

- Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай;

Елдің барлық өңірлерінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және енгізілген шектеулер экономиканың барлық салаларына күрт әсер етті. Туризм пандемиядағы қоғамның өзгермелі саласы ғана емес, сонымен бірге оның таралуына себеп болды. Қазіргі таңда жатын орындарына орналастыру және туристік объектілерге арналған турлар біртіндеп қалпына келтірілуде.

- Табиғи-экологиялық факторлар;

Мәселен: ауаның ластануы, Балқаш көлінің тартылуы және т.б. сияқты.

- Жаһандық демографиялық фактор;

Кішігірім өңірлердегі халықтың тұрмыстық жағдайға байланысты көшіп кетуі және т.с.с. мәселелер.

- Қаржы дағдарысы, инфляция;

Пандемиялық шектеулердің және басқа да экономикалық мәселелер салдарынан әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауы орын алды. Экономиканың барлық салаларында қаржы ағыны күрт төмендеді.

Жоғарыда көрсетілген проблемалардан басқа, туризмді дамыту жағдайы өңірлік проблемалармен күрделене түседі:

- Қажетті инфрақұрылымның болмауы;

Өңірлерде көлік жүйесі нашар дамыған. Сондай-ақ, облыста қазір туризмді дамыту үшін инфрақұрылым жетіспейді, туристік нысандарға апаратын жол нашар жағдайда.

Қорытындылай келе, Қарағанды облысында туризм тұрақтылығына әсер ететін және жақын арада шешілуі керек жаһандық мәселелер орын алуда.

Жаһандық мәселелер қазіргі адамзат өмірінің әртүрлі салаларының біркелкі дамымауынан және адамдардың әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық, әлеуметтік-табиғи және басқа қатынастарында туындайтын қайшылықтардан туындайды. Бұл проблемалар жалпы адамзат өміріне әсер етеді.

Әрине, бұл мәселелердің барлығы туризмнің дамуына теріс әсер етеді. Пайдалы қазбалар қоры азайса – курорттық емдеу үшін ресурстар азаяды. Өсімдіктер мен жануарлардың түрлері жойылған жағдайда – ұлттық парктер мен қорықтардың бірлеседі, ауаның ластануынан өнеркәсіптік қалаларда түгіннің әсерінен туристік ағым азаяды және т.б.

Аталған мәселелер PESTEL анализінің аясында негізделген, дамыған елдердің тұрақты даму тәжірибесін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды Қазақстан мысалында жоспарлау және іске асыруға кеңес беріледі:

1) Тұрақты даму бойынша БҰҰ стандарттарын жергілікті нарық талаптарына сай бейімдеу;

2) Құрылыс кезінде туристік бизнес өкілдерін дестинацияның экологиялық параметрлерін ескеруге міндеттеу.

3) Әртүрлі макроэкономикалық параметрлер арасындағы әсерді зерттейтін ғылымаралық салалар саласындағы мамандардың саны мен сапасын арттыру.

4) Дүниежүзілік туристік ұйымның туризмінің бәсекеге қабілеттілігі индикаторы негізінде туристік жағдайдың өңірлік тізілімін ұйымдастыру.

5) Болашақ қатерлерді азайту және бюджеттік салымдарды жоспарлы бөлу кезінде даму әлеуетін арттыру үшін барлық салаларға бір деңгейде мониторинг жүргізу.

Қорытындылай келе, туризм тек қорғауды ғана емес, сонымен бірге туристік өнімнің одан әрі сапасын қамтамасыз ету үшін қоршаған экожүйелерді күшейтуді қажет етеді. Жаһандық проблемалар адамзаттан өркениетті құтқару үшін рухани бірлікті талап етеді[5]. Олар қоғамның тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінде және оның құндылық бағдарларында сапалы өзгерістер қажет болды. Олар қоғамның тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінде және оның құндылық бағдарларында сапалы өзгерістердің қажеттілігіне әкелді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Залесский Б. Л. Точки роста. Особенности устойчивого развития в условиях глобальных вызовов/Б. Залесский. – 2020.

2. Шимова О.С. Устойчивый туризм : учеб.-метод. Пособие // Минск : РИПО, 2014. – 158 с.

3. Как развиваются туристические центры Карагандинской области. Электронды қор: Кіру тәртібі: [https://www.inform.kz/ru/kak-razvivayutsya-turisticheskie-centry-karagandinskoy-oblasti_a3561124].

4. Қарағанды облысы әкімшілігінің сайты // Карагандинская область в новой реальности. Туризм. Электронды қор: Кіру тәртібі: [http://ekaraganda.kz/?mod=news_read&id=104075].

5. Алексеева Г. Е. Развитие устойчивого туризма и глобальные проблемы //Kant. – 2017. – №. 1 (22). – С. 100-102.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Құрақ Д.Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail:dina_9795@bk.ru

Қазақстан Республикасында азаматтардың әлеуметтік осал тобына жататын мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қорғау 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді қорғау туралы Заңымен